

Акциздік алым таңбаларымен ішімдік және темекі өнімдерін таңбалау және акцизделетін тауарларды кедендік ресімдеу Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Кіріс министрлігі 1999 жылғы 2 тамыз N 902. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 2 қыркүйекте N 880 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 6 бұйрығымен.

"Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін акциздік алым таңбаларымен таңбалау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 сәуірдегі N 431 P990431_ қаулысын орындау үшін бұйырамын:

1. Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлеріне акциздік алым таңбаларын сату және таңбаланған акцизделетін тауарларды кедендік ресімдеудің осыған қоса берілген Ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің 1997 жылғы 24 сәуірдегі N 108-П V970311_ бұйрығының күші жойылған деп танылсын.

3. Бас кеден басқармаларының (КБ, кедендер) бастықтары: осы бұйрықты барлық құрылымдық бөлімшелерге дейін жеткізсін және оның тиісті орындалуын қамтамасыз етсін;

осы бұйрықтың қолданысқа енгізілгені туралы импорттаушыларды хабардар етсін.

4. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің заң департаменті осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелуін қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс Вице-Министрі Ұ.С.Байжановқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастан қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс
Министрінің
1999 жылғы 2 тамыз

N 902 бұйрығымен бекітілген

Акциздік алым таңбаларымен ішімдік және темекі өнімдерін таңбалау және таңбаланған акцизделетін

Ережесі

1. Акциздік алым таңбаларын сатып алу тәртібі

1. Импорт кезінде таңбалауға жататындар:

ТМД СЭҚ ТН 2402 коды бойынша акциздік алым таңбаларымен - темекі өнімдері, құрамында темекі бар басқа өнімдер. Сонымен қатар, қатты-жұмсақ орамадағы, көтеріліп ашылатын қақпақты орамадағы құрамында темекі бар темекі өнімдері мен басқа өнімдер таңбаланады;

голографиялық жолағы бар акциздік алым таңбаларымен:

ТМД СЭҚ ТН 2204 /220430-дан басқа/, 2205, 220600-ден - шараптар, шампан ш а р а п т а р ы ;

ТМД СЭҚ ТН 2207, 2208-ден - арақ, ликер-арақ өнімдері, күшейтілген сусындар, күшейтілген шырындар, бальзамдар, коньяктар.

Сонымен қатар, голографиялық жолағы бар акциздік алым таңбаларымен Ережелердің аталған тармағында көрсетілген, қоса алғанда 10 литр сыйымдылықты шыны ыдыстарда, қаңылтыр банкілерде, "Тетра пак" үлгісіндегі пакеттерде әкелінетін ішімдік өнімдері таңбаланады.

2. Міндетті таңбалануға жататын, импортталушы акцизделетін тауарлар бойынша бюджетке акциздер төлеу импортталатын таңбаланған акцизделетін тауарларды кедендік ресімдеуді жүргізетін кеден органына акциздік алым таңбаларын сатып алған мезетте жүргізіледі.

Акциздік алым таңбаларын /бұдан әрі - Таңбалар/ сатып алу үшін импорттаушы-кәсіпорын /бұдан әрі - Импорттаушы/ Кеден басқармасы немесе кеденнің /бұдан әрі - Бөлім/ акциздік алым таңбаларымен жұмыс істейтін б ө л і м і н е / Б а с / :

бірінші өтінішінде Бөлімге төмендегі құжаттар тапсырады:

құжаттардың нотариалдық расталған көшірмелері:

заң органдарында мемлекеттік тіркелуі туралы куәлік;

Ж а р ғ ы ;

Мемстаткомитеттің тіркеу карточкалары;

қызметтің тиісті түріне лицензиялар;

құжаттардың түпнұсқалары:

салық төлеуші ретінде есепке қойылғандығы туралы жергілікті салық о р г а н ы н ы ң а н ы қ т а м а с ы ;

валюталық шоттың ашылғаны туралы банктің анықтамасын тапсырады.

үлттық валютада шоттың ашылғаны туралы банктің анықтамасын тапсырады.

3. Бөлімнің жауапты қызметкері:

Осы Ережелерге N 1 Қосымшада келтірілген нысан бойынша арнайы "

Таңбалануға жататын, акцизделетін тауарларды әкелуші, СЭҚ қатысушылардың сыртқы саудалық операцияларының есепке алу журналына" Импорттаушы туралы мәліметтерді енгізеді және тапсырылған құжаттарды іске тігеді;

Импорттаушыдан мынадай құжаттарды қабылдайды:

осы Ережелердің 2 қосымшасында келтірілген нысан бойынша таңбаларды сатып алу Өтінішінің /бұдан әрі - Өтініш/ төрт данасы. Тіркеу нөмірін беру және тиісті жазба түсіру арқылы Өтініш Журналда тіркеледі;

акцизделетін тауарлардың әкелінуі, соның негізінде жүргізілетін сыртқы сауда өзара шартының түпнұсқасы мен көшірмесі /салыстырылып тексеру жүргізілгеннен кейін түпнұсқа Импорттаушыға қайтарылады/, сонымен қатар Журналға тиісті жазбалар енгізеді;

жасалған өзара шартқа сәйкес Өтініштің тысында әкелінуге жататын акцизделетін тауарлардың коды мен атауларына сәйкес акциздің ставкасы бойынша акциз сомасының есебін жасайды, сонымен қатар, Өтініштің бірінші данасы бөлімде қалады, екінші, үшінші және төртінші даналары Импорттаушыға қ а й т а р ы л а д ы ;

акциз бойынша аванстық төлемді енгізуге және таңбаларды сатып алу үшін төлемге шот жазады және Импорттаушыға береді.

Таңбаларды сатып алу үшін ақша қаражаттары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкноттық фабрикасы белгілеген тек ұлттық валютада және Таңбалардың бағасы бойынша төленеді.

Акциздік алым таңбасының 1 данасының бағасын Қазақстан Республикасының Кеден басқармасы хабарлайды.

Таңбалар сыртқы саудалық өзара шартта қаралған тауарлардың әр түрінің санының 102 %-нен аспайтын мөлшерде сатылады.

Импорттаушылардың акциз бойынша аванстық төлемі Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен қатар, бағамдарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген шетел валютасында да жүргізіледі, Импорттаушы тіркелген аймақта қызмет етуші /Бас/ Кеден басқармасының немесе кеденнің шотына Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген және акциздік алым таңбаларын сатып алуға Өтінішті кеден органының қабылдаған күні қолданыстағы ставка бойынша мұндай төлем тек шетел валютасында төленетін жағдайлардан басқа.

4. Акциз бойынша аванстық төлемді енгізгеннен және таңбаларға төлем жасалғаннан кейін Импорттаушы Бөлімге:

Өтініштің екінші, үшінші және төртінші даналарын;

/Бас/ кеден басқармасының немесе кеденнің шотына акциздерге алдын-ала төленген ақша қаражаттарының аударымына төлем тапсырмасы. Сонымен қатар, төлем құжаттарының "Төлемнің белгіленуі" тармағында "199 ж. " ___ " ___ N ___

өзара шарты бойынша акцизге аванстық төлем" көрсетілуі тиіс.

Кеден басқармасының немесе кеденнің шотына Таңбалар төлемдері бойынша ақша қаражаттарының аударымына төлем тапсырмасы тапсырылады. Сонымен қатар, төлем құжаттарының "Төлемнің белгіленуі" тармағында "199 ж. " __ " __ N __ өзара шарты бойынша акциздік алым таңбаларына төлеу" көрсетілуі тиіс.

Таңбаларды сатып алуға және акциз бойынша аванстық төлемге ақша қаражаттарының аударымына төлем құжаттарының нөмірі мен күнін, сондай-ақ төлем жасалған Импорттаушының шотының деректемелерін Бөлім өзінің (Бас) Кеден басқармасына немесе кеденіне тапсырады.

(Бас) Кеден басқармасының немесе кеденнің шотына акциздер сомасы мен Таңбаларды сатып алу сомасының нақты түскенін тексергеннен кейін (Бас) Кеден басқармасының немесе кеденнің бухгалтериясы Алматы қаласы бойынша (Бас) кеден басқармасының шотына таңбаларды сатып алу сомасын аударады. Сонымен бір уақытта, Бөлім аталған Ережелерге N 3 қосымшада келтірілген форма бойынша акциздік алым таңбаларын даярлауға тапсырыстардың (бұдан әрі - Тапсырыс) 2 данасын ресімдейді. Тапсырыстың бірінші данасын Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасына жолдайды. Тапсырыстың екінші данасы қаржылық есеп құжаттарын қатаң сақтау үшін қарастырылған тәртіпте Б ө л і м д е с а қ т а л а д ы .

Импорттаушының тапсырған құжаттарын тексергеннен кейін, сондай-ақ (Бас) Кеден басқармасының немесе кеденнің шотына таңбаларды сатып алуға кеткен ақша қаражаттары мен акциздер бойынша аванстық төлемдердің нақты түскені туралы мәліметтерді (Бас) Кеден басқармасы немесе кеден растағанынан кейін, Өтініштің төртінші данасының төменгі сол жақ бұрышында "Акциздерге алдын-ала төлеу бойынша ақша қаражаттары түсті" белгісі қойылып, осы белгіні жасаған лауазымды тұлғаның қолымен және жеке нөмірлі мөрімен расталады, сондай-ақ осындай белгі Журналға да түсіріледі. Өтініштің бірінші данасы төлем құжаттары мен өзара шарт көшірмесімен бірге қаржы есебінің құжаттарын қатаң сақтау үшін қарастырылған тәртіпте Бөлімде сақталады және ерекше бақылауға қ о й ы л а д ы .

Өтініштің екінші, үшінші және төртінші даналары Импорттаушыға қ а й т а р ы л а д ы .

Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасының шотына Таңбаларды сатып алуға кеткен ақша қаражаттары нақты түскеннен кейін, Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасы аталған Ережелерге N 4 Қосымшада келтірілген нысан бойынша ақша қаражаттарының түскені туралы Бөлімге хабарлайды.

Өтініштің бірінші данасының төменгі оң жақ бұрышында Бөлім "Таңбалар үшін ақша қаражаттары түсті" белгісін қойып, осы белгіні жасаған лауазымды

тұлғаның қолымен және жеке нөмірлі мөрімен расталады, сондай-ақ Журналда осындай белгі жасалады.

2. Таңбаларды беру

5. Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасы Республика бойынша қажетті Таңбалар тапсырысының жиналуын қамтамасыз етеді және (Бас) Кеден басқармасының және кедендердің тапсырысына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкноттық фабрикасындағы түрлері бойынша Таңбаларды даярлауға тапсырыс жасайды. Осы тапсырыс Банкноттық фабрикаға түскен тапсырысты даярлауға қажетті уақытты есепке ала отырып орындалады.

Таңбаларды даярлағаннан кейін Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасы аталған Ережелерге N 5 Қосымшада келтірілген форма бойынша Таңбалардың даярланғаны туралы Бөлімге хабарлайды.

Таңбалардың берілген топтамасы туралы мәліметтерді алғаннан кейін Бөлім таңбаларды дайындауға берген олардың тапсырыстарының орындалуы туралы Импорттаушыларды хабардар етеді.

6. Таңбаларды алуға рұқсат алу үшін Импорттаушы бөлімге мынадай құжаттарды тапсырады :

Өтініштің екінші, үшінші және төртінші даналары. Жүргізілген салыстырулардан кейін және Бөлімде сақталған Өтініштің бірінші данасында жасалған жазба негізінде Өтініштің екінші, үшінші және төртінші даналарының төменгі оң жақ бұрышында "Таңбалар үшін ақша қаражаты түсті" деген белгі қойылады және жазбаны жасаған лауазымды тұлғаның жеке қолы мен жеке нөмірлі мөрімен расталады. Жасалған белгілерден кейін өтініштің екінші, үшінші және төртінші даналары Импорттаушыға қайтарылады.

(Бас) Кеден басқармасының немесе кеден қызметтерінің аймағында орналасқан уақытша сақтау қоймасына (бұдан әрі - УСК) аталған Ережелерге N 6 Қосымшада келтірілген нысан бойынша тауарлардың әкелінуі туралы Міндеттеменің (бұдан әрі - Міндеттеме) екі данасы.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы аумағына әкелінуші, таңбалануға жататын тауарлардың әкеліну мерзімі Міндеттемеде көрсетілгендей, Міндеттемені қабылдағаннан кейін 12 айдан аспауы қажет. Міндеттеменің бағандарын толтырғаннан кейін міндеттеменің бірінші данасы Бөлімде сақталады, екіншісі Импорттаушыға қайтарылады.

Импорттаушының Міндеттемеде көрсеткен мәліметтері Журналға енгізіледі; Аталған Тәртіпке N 7 Қосымшада келтірілген форма бойынша сенімхат.

7. Бөлім Импорттаушының берген сенімхатын қабылдап, Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасынан Таңбаларды алуға (Бас) Кеден басқармасының немесе кеденнің атынан сенімхат береді. Импорттаушылардың Таңбаларды алуы үшін (Бас) Кеден басқармалары немесе кедендер Алматы

қаласы бойынша Бас кеден басқармасына сенімхатты беруші басшының және бас бухгалтердің қолдарының үлгілерін, сондай-ақ Өтінішті қабылдау мен беруге жауапты нұсқаушылардың жеке нөмірлі мөрлері мен қолдарының үлгілерін тапсырады, мұның өзінде сенімхаттың көшірмесі Бөлімнің істерінде қ а л д ы р ы л а д ы .

8. Банкноттық фабрикадан Таңбалардың жеткізілуіне, олардың сақталуына және Импорттаушыларға беруге жауапкершілік Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасының бірінші басшысына жүктеледі.

9. Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасының қызметкерлерінің санатынан Алматы қаласы бойынша бас кеден басқармасының бірінші басшысының бұйрығымен Таңбаларды қабылдау, есепке алу, сақтау мен беруге материалдық-жауапкершілік жүктелетін тұлғалар тағайындалады.

10. Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасымен Таңбаларды сақтау екі жұмыс аймағының болуымен жүргізіледі: Таңбаларды сақтау үшін және өртке қарсы және күзет дабылдамасы бар Импорттаушыға Таңбаларды беру операцияларын жүргізу үшін.

11. Таңбаларды беруді Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасы Импорттаушыға немесе Импорттаушының уәкілетті өкіліне Өтініштің екінші, үшінші және төртінші даналарын (Бөлімнің белгілерімен), (Бас) Кеден басқармасының немесе кеденнің Таңбаларды алуға сенімхатын, Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасының шотына Таңбаларды сатып алу үшін ақша қаражаттарын аударған төлем құжаттарының көшірмелерін, сондай-ақ сенімхатта көрсетілген жеке басының куәлігін көрсеткенде жүргізіледі.

Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасының Импорттаушыға Таңбаларды беру кезінде бекітілген бухгалтерлік есеп стандарттары бойынша Таңбаларды алуға жүкқұжат толтырылады.

Өтініштің үшінші және төртінші даналары, сондай-ақ Таңбаларды алуға жүкқұжат Импорттаушыға беріледі. Өтініштің екінші данасы, Таңбаларды алуға жүкқұжат көшірмесі, Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасының шотына таңбаларды сатып алуға ақша қаражаттарының аударымына төлем құжатының көшірмесі Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасының Істеріне тігіледі және Қатаң қаржылық есеп құжаттарын сақтау үшін қарастырылған тәртіпте сақталады.

12. Таңбалардың сақталуы, Қазақстан Республикасының шегінен шығарылуы, тауарларға жапсырылуы және таңбаланған акцизделетін тауарлардың әкелінуі үшін Импорттаушыға Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған жауапкершілік жүктеледі.

13. Таңбаларды нақты бергеннен кейін Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасы аталған Ережелердің N 8 Қосымшасында келтірілген нысан бойынша

Импорттаушының Таңбаларды алуы туралы Бөлімге хабарлайды.

14. Алынған деректемелер, сондай-ақ Бөлімде бар мәліметтер негізінде (Бас) Кеден басқармасы немесе кеденнің тауарларды жеткізуді бақылау бөлімі шекаралық ауысуға (Міндеттемеде Импорттаушымен белгіленген) арнайы байланыс арналарымен мәліметтер жолдайды: Таңбаларды әкетуді іске асырушы ұйымның (кәсіпорынның) аты, өзара шарттың (шарттың) нөмірі, әкелінетін тауарлардың атаулары, Таңбалардың нөмірі мен сериясы, олардың саны, Өтініштің тіркелу нөмірі, таңбаланған әкелінетін тауарды орналастыратын УСҚ атаулары мен мекен-жайы.

3. Таңбаларды әкету

15. Қазақстан Республикасының аумағынан әкетілетін Таңбаларды кедендік ресімдеу мәлімделген тәртіптемеге сәйкес толтырылған, белгіленген үлгідегі кедендік жүк декларациясын (бұдан әрі - КЖД) тапсырумен, "тауарлар экспорты" кедендік тәртіптемесінде жүргізіледі.

КЖД-да әкетілетін Таңбалардың мынадай деректері көрсетілуі тиіс:
әкетілетін Таңбалардың сериялары мен нөмірлері КЖД-ың кері жағында көрсетіледі;

әкетілуші Таңбалардың атаулары түрлерге бөлінуімен бірге және оның саны КЖД-нің 31 бағанында көрсетіледі. Таңбалардың жалпы саны төменгі оң жақ бұрышында көрсетіледі;

Таңбалармен таңбаланған акцизделетін тауарлардың нақты әкелінуі туралы міндеттеменің нөмірі мен күні КЖД-нің 44 бағанында көрсетіледі.

16. Әкетілуші Таңбаларды кедендік ресімдеу үшін кеден алымдары жалпы белгіленген тәртіпте алынады.

4. Таңбалау тәртібі

17. Акциздік алым таңбаларымен міндетті таңбалануға жататын акцизделетін тауарларды таңбалау Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған жағдайлардан басқа жағдайда Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жүзеге асырылады.

18. Міндетті таңбалануға жататын акцизделетін тауарларды таңбалау осы Ереженің N 9 Қосымшасында келтірілген тәртіпке сәйкес, ол үшін белгіленген жерлерге жапсыру жолымен жүргізіледі.

19. Таңбаларды жапсыру кезінде таңбаны тауардан жыртусыз алуға мүмкіндік бермейтін желім пайдаланылуы тиіс.

5. Таңбаланған тауарларды кедендік ресімдеу

20. Таңбаланған акцизделетін тауарлар қызмет аумағы Қазақстан Республикасының кеден шекарасындағы өткізу пункті орналасқан кеден органы, осы Ереженің 14-тармағында көрсетілген мәліметтер болғанда, кедендік төлемдер мен жалпы белгіленген тәртіпте ҚҚС төленгенін қамтамасыз етумен

кедендік бақылауда тауарлардың жеткізілу ережелеріне сәйкес, Өтініш пен Міндеттемеде импорттаушының көрсеткен УСҚ мекен-жайына жіберіледі.

Мұның өзінде, жеткізуді бақылау құжатының (ЖБҚ) "Сенімгер" 50 тармағында Таңбалардың нөмірлері мен сериялары және олардың саны көрсетіледі.

Тауарды жөнелтуші немесе көліктік құжаттарда УСҚ мекенжайы көрсетілмеген немесе егер бұл құжаттарда басқа қабылдаушының мекенжайы көрсетілген жағдайда, тауарлар кедендік бақылаудағы, жақын қоймаларға орналастырылады.

21. Таңбаланған акцизделетін тауарлардың УСҚ-на жеткізілгеннен және орналастырылғаннан кейін, УСҚ иесі қабылдаушыға немесе оның өкіліне тауардың келгендігі туралы хабарлайды.

Хабарламаны УСҚ қызмет аумағында орналасқан кеден органының лауазымды тұлғасы растайды.

22. Таңбаланған акцизделетін тауарларды кедендік ресімдеуді УСҚ қызмет аумағында орналасқан кеден органы, жалпы белгіленген тәртіпте жүргізеді. Мұның өзінде, таңбаланған тауарлардың кедендік ресімделуін жүргізуші кеден органының лауазымды тұлғасы міндетті тәртіпте:

тауарлардың санын, олардың сипатын;
орамның бүтіндігін, тауарлардың барлық топтамасында Таңбалардың барлығын, олардың сериясын, нөмірін;
Таңбалардың жапсырылу сапасын анықтауға тиіс.

23. Кедендік ресімдеу үшін Импорттаушы кедендік ресімдеуді жүргізуші кеден органына мынадай құжаттарды тапсырады:

К Ж Д ;
аталған Ереженің 22-тармағында көрсетілген тауарлардың келіп түскені туралы хабарлама ;
көліктік және тауарға ілеспе құжаттар;
кедендік төлемдердің және салықтардың төленгені туралы төлем құжаттары;

Өтініштің төртінші данасы;
Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасынан Таңбаларды алуға жүкқұжаттың түпнұсқасы ;

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауға қажетті басқа құжаттар.

24. КЖД-ні толтырған кезде Импорттаушы 50 "Сенімгер" тармағында мағлұмдалушы тауарлар таңбаланған Таңбалардың сериялары мен нөмірлерін, санын көрсетеді.

25. Алынуы кеден органдарына жүктелген кедендік төлемдер, қосымша құнға салық, акциздер мен басқа салықтар және алымдардың төленуі жалпы

белгіленген тәртіпте, Қазақстан Республикасының кеден органы КЖД-ні қабылдаған күніне қолданылып жүрген шетел валютасының ставкасы мен бағамы бойынша жүргізіледі.

Таңбаларды сатып алу кезінде төленген акциздер сомасы кедендік ресімдеу кезіндегі төленуге жататын сомадан төмен болса, еркін айналым үшін акцизделетін тауарлардың шығарылуы тек кеден органының шотына акциздердің жетіспейтін сомасы нақты түскеннен кейін жүргізіледі.

Егер, Таңбаларды сатып алу кезіндегі акциздер сомасы кедендік ресімдеу кезінде төленуге тиісті сомадан жоғары болса, акциздердің артық төленген сомасы Импорттаушының жазбаша өтініші бойынша қайтарылады немесе болашақ төлемдер шотына аударылады.

6. Пайдаланылмаған таңбалардың қайтарылуы

26. Міндетті таңбалануға жататын акцизделетін тауарлардың аталған Ережелердің 6-тармағымен бекітілген мерзімде сыртқы саудалық өзара шарттың орындалмаған немесе ішінара орындалған жағдайда, Импорттаушы алдын-ала белгілеген мерзім біткенге дейін Таңбаларды беруді жүзеге асырған Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасына пайдаланылмаған таңбалардың барлығын, мынадай құжаттарды көрсете отырып тапсыруы тиіс:

оларды сатып алу кезінде төленген ақша қаражаттарын қайтару туралы, қайтарудың себебі көрсетілген жазбаша өтініш;

Таңбалардың қолданылмағаны туралы өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттар;

Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасынан Таңбалардың алынғаны туралы жүкқұжаттың көшірмесі;

Таңбаларды сатып алуға Өтініштің көшірмесі.

27. Импорттаушының Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасына Таңбаларды қайтаруы комиссия мүшелерінің қолдары және кеден органының мөрімен расталған Таңбаларды өткізу-қабылдау актісі бойынша жүзеге асырылады. Өткізу-қабылдау актісі үш данада ресімделеді. Бірінші данасы Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасында қалады және қаржылық есеп құжаттарын қатаң сақтау үшін қарастырылған тәртіпте сақталады. Екінші данасы Таңбаларды сатып алуға Өтініш қабылданған орындағы кеден органына жіберіледі және Бөлім Журналға оған сай тиісті жазба енгізеді. Үшінші дана Импорттаушыға беріледі.

28. Таңбалардың бүлінген жағдайында, Импорттаушы Бөлімге бүлінген Таңбаларды қайтару туралы бүлінген таңбалардың барлығын қоса, Өтініш тапсыруға міндетті.

29. Бүлінген Таңбалар мынадай ережелер сақтала отырып жеке парақтарға жапсырылуы тиіс:

Таңбаларды жапсыру қатпарларсыз, тегіс болуға тиіс;
Жапсырылған Таңбалардың сериясы мен нөмірі, оның орталық бөлігі анық көрініп тұратындай етіп жапсырылуға тиісті;

Таңба жыртылған жағдайда, оның жеке бөліктері қосылуы тиіс;
Импорттаушының қайтаратын әр бүлінген Таңбасының жалпы көлемі (соның ішінде бөлек бөлшектерден жиналғандарын қоса) бастапқы мөлшердің 60 %-нен кем болмауға тиісті.

30. Бүлінген таңбалардың қайтарылған жағдайында (Бас) Кеден басқармасы немесе кеден тура мақсатта қолдануға жарамсыз деп танылған, бүлінген таңбаларды жою үшін комиссия құрады.

Құрамы бес адамнан кем емес комиссия құрамына тиісті кеден органының бірінші басшысы немесе оның уәкілі, бас бухгалтер және Бөлімнің қызметкері, салық органы мен Импорттаушының өкілі кіреді.

Таңбаларды жою кезінде кеден органында туындаған шығындар Импорттаушының қаражаттарының есебінен өтеледі.

Таңбаларды жою процедурасы аяқталғаннан кейін комиссия мүшелерінің қолымен және кеден органының мөрімен расталған бүлінген Таңбаларды жою туралы акт үш данада толтырылады (1-дана - Импорттаушы үшін, 2 - (Бас) Кеден басқармасы немесе кеден үшін, 3-дана - Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасына жіберіледі).

31. Аталған Ережелердің 26-тармағында көрсетілген себептер бойынша Таңбалар қайтарылған жағдайда Импорттаушының Таңбаларды сатып алуға төлеген қаржы қаражаттарын қайтару, осы ережелерге сәйкес қайтарылған таңбалардың басқа Импорттаушыға нақты сатылғаннан кейін, Таңбаларды алған күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей Импорттаушының жазбаша өтінішімен Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасымен жүргізіледі. Бұл жағдайда, бүлінген таңбалардың ақша қаражаттары қайтарылмайды.

32. Бір жыл бойы сұралмаған Таңбаларды сатып алуға жұмсалған, кейіннен Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасына қайтарылған ақша қаражаттары Қазақстан Республикасының кірістері мен шығыстарының Бюджеттік жіктемесі бойынша мемлекеттік кіріске, импортталушы тауарлар акциздеріне сәйкес кодына аударылады.

33. Пайдаланылмаған Таңбаларды үшінші тұлғаға беруге тиым салынады.

7. Пайдаланылмаған Таңбаларды бақылау

34. Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген таңбаланған акцизделетін тауарлар және/немесе Импорттаушының қайтарған Таңбаларының сатып алынған Таңбалар санына сәйкес келуін, сондай-ақ аталған тауарлардың әкеліну мерзімдерін бақылауды жүзеге асырады.

35. Импорттаушы осы Ережелердің 6-тармағында көрсетілген мерзім біткенге

дейін төмендегі құжаттарды тапсыру арқылы Бөлім алдында есеп беріп отырады:

таңбаланған акцизделетін тауарларды кедендік ресімдеу жүргізілген КЖД;
бұрын жарияланған кедендік "тауарлар экспорты" режиміне сәйкес
Таңбаларды әкетуге КЖД;

Бұл жағдайда, сатылған Таңбалардың саны, сериясы мен нөмірі КЖД-нің 50-тармағында көрсетілген және/немесе Импорттаушының қайтарған қолданылмаған немесе бүлінген Таңбалар санына, сериясы мен нөміріне сәйкес келуі тиіс.

36. Ерекше жағдайларда, егер Импорттаушы Бөлім алдында белгіленген мерзімде одан сатып алған Таңбаларына есеп беріп үлгермесе, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті ақиқат себептер көрсетілген Импорттаушының жазбаша өтініші бойынша белгіленген мерзімді бір айға ұзарту туралы шешім қабылдай алады.

37. Импорттаушының алған Таңбалары жоғалған, ұрланған жағдайда бұл фактілер бойынша құжаттарды Бөлім контрабанда мен кеден ережелерінің бұзылуына қарсы күрес бөлімінің қарауына тапсырады. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 Z952368_ "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Заң күші бар Жарлығына сәйкес қылмыстық құрам анықталған жағдайда, кеден ережелерін бұзу туралы іс Қазақстан Республикасының заң қорғау органдарына ұсынылады.

Импорттаушының алған Таңбалары жоғалған, ұрланған жағдайда Импорттаушының Таңбаларды сатып алуға төлеген ақша қаражаттары мен акциздер бойынша аванстық төлем қайтарылмайды.

8. Қорытынды ережелер

38. Қазақстан Республикасының аумағына енгізілетін және акциздік алым таңбаларымен міндетті таңбалануға жататын, таңбаланылмаған акциздік тауарлар, "тауарлар транзиті", "тауарлардың кері импорты" және "тауарлардың кері экспорты" кедендік режимдерінен басқа жағдайда, Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілмейді.

39. Акцизделетін, Таңбалармен таңбаланбаған және бұрын "тауарлар транзиті" және "тауарлардың кері экспорты" кедендік режимдерінде жарияланған тауарлар Қазақстан Республикасының аумағында еркін айналымға шығарылмайды.

40. Қазақстан Республикасының аумағына кері импорт кедендік режиміне сәйкес енгізілген, қазақстандық акцизделетін тауарлар кедендік баждар мен салықтарды төлеусіз, кеден органының бақылауымен, тауарды қабылдаушы жайласқан кеден органының қызмет аймағында орналасқан уақытша сақтау қоймаларына жөнелтіледі.

Мұндай тауарлар тауарлардың кері импорт режимінің талаптарын сақтаған жағдайда жалпы белгіленген тәртіпте кедендік ресімдеуге жатады.

Мұндай тауарлардың кедендік ресімделуі туралы кері импортталушы тауарлардың кедендік ресімделуін жүргізуші кеден органы Импорттаушының тіркелген орны бойынша салық органына хабарлайды.

41. Қазақстан Республикасының аумағына жеке тұлғалармен әкелінетін, акциздер төлеусіз Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленген өткізу нормасынан асқан, міндетті таңбалануға жататын, таңбаланбаған акциздік тауарлар, мұндай нормадан асқан жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағында еркін айналым үшін шығарылуға жатпайды.

1 Қосымша

Таңбаланатын, акцизделетін тауарларды әкелуші, СЭҚ қатысушылардың сыртқы саудалық операцияларын есепке алу журналы

Рет! Ұйымның то- !ҚҰ !Фирмамен !Тауар!Тауа!Таңбалар!Дайындауға тапсы!
Т а ң б а
N !лық атауы, !ЖК !сыртқы !дың !рдың!ды сатып!рылған таңбалар !лар
!мекен-жайы, !коды!саудалық !атауы!саны!алу үшін!_____!үшін
!СРН ! !келісім- ! ! !өтініш- !Таңба тү!Саны !төлеу
! ! !шарт бой-! ! !тің тір-!рі Серия!(дана) !ге тө-
! ! !ынша өза-! ! !кеу N !сы ! !лем
! ! !ра шарт ! ! !мен күні! ! !құжаты
! ! !N және кү! ! ! ! !
! ! !ні (атауы! ! ! ! ! !
! ! !мен ел) ! ! ! ! ! !
! ! ! ! ! ! ! ! ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8 ! 9 !
10

Т а б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы :

Таңба !Таңба- !Акциз- !Акциз !Акциз !Алматы !Таң-!Әкеліне-!Қайта
үшін !лар !дің ау-!бойынша !төлемі !қаласы !бала!тін тауа!рылған
төлене-!үшін КБ!дарыл- !аванстық !бойынша!бойынша !рды !рларды !таңба-

тін со-!(кеден)!ған со-!төлемге !ақша !БКБ-ға !әкетуресімдеу!лар
 ма (тең!шотына !масы !төлем құ-!қаражат!ақша қа-!кезі!дің шектісаны
 ге) !ақша қа!(теңге)!жатының N!тарының!ражатта-!нде-!мерзімі !(дана)
 !жаттары! !мен күні !түскен !рын ау- !гі ! !
 !ның тү-! ! !күні !даруға !ресі! !
 !скен кү! ! ! !төлем құ!мдел! !
 !ні ! ! ! !жатының !ген ! !
 ! ! ! ! !N мен кү!КЖД ! !
 ! ! ! ! !күні !N ! !
 ! ! ! ! ! !мен ! !
 ! ! ! ! ! !күні! !
 ! ! ! ! ! ! ! ! ! !

__11__ ! __12__ ! __13__ ! __14__ ! __15__ ! __16__ ! __17__ ! __18__ ! __19__

Т а б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы :

Таңба !КЖД бойын-!КЖД бойын-!Төлем тап-!Кеден органының
 ларды !ша әкеліне!ша кеден- !сырмасының!шотына кеден тө-
 әкелу !тін тауар !дік төлем-!немесе !лемдері мен салық-
 кезін-!саны !дер мен !төлемдерді!тардың түскен
 де ре-! !салықтар- !өндіріп !күні
 сімдел! !дың сомасы!алуға инка!
 ген ! !!(түрлер !ссалық тап!
 КЖД N ! !бойынша) !сырманың N!
 мен ! ! !мен күні !
 к ү н і ! ! ! ! !

__20__ ! __21__ ! __22__ ! __23__ ! __24__

2 Қ о с ы м ш а
 _____ облысы
 бойынша (Бас) Кеден басқармасының
 б а с т ы ғ ы

Тіркеу N _____ / _____ 199 _____ ж. _____
 (кеден органы толтырады)

Акциздік алым таңбаларын сатып алуға
Өтініш

(ұйымның толық атауы, ҚҰЖК коды, мекен-жайы, СРН)

акциздік алым таңбаларын сатуды сұраймыз:
_____ саны _____ дана сомасы _____ теңге;
(т а ң б а т ү р і)
_____ саны _____ дана сомасы _____ теңге;
(т а ң б а т ү р і)
жалпы сомасы _____ теңге.

(ж а з у м е н)

Сатып алынатын тауарларды таңбалауға қажетті таңбалардың көрсетілген
с а н ы :

— _____
(тауалар номенклатурасы мен саны, темекі өнімдері үшін - орамалар

— _____
санын, ораманың әр түріндегі шылым санын, ішімдік өнімдері үшін -

— _____
сыйымдылық түрі мен шөлмектер санын көрсету)
_____ фирмасымен
көрсетілген тауарлар сатып алынатын сыртқы саудалық өзара шарт N _____
және әкелінетін УСҚ _____

— _____
(уақытша сақтау қоймасының мекен-жайы)
Таңбаларды сатып алу үшін ақша қаражаты түскен кеден органының шоты _

— Төлем құжатының N _____
199 _____ ж. _____ сомасы _____
(ж а з у м е н)

Темекі және ішімдік өнімдерін таңбалау және таңбаланған тауарларды
кедендік ресімдеу Ережесімен таныстым.

Ұйым басшысы _____ (аты-жөні)

Бас бухгалтер _____ (аты-жөні)

(қолдары)

М.О.

Акциз бойынша аванстық төлемнің _____ Таңбалар үшін қаражаттардың
түскені туралы _____ түскені туралы кеден
Кеден органының белгісі _____ органының белгісі

3 Қосымша

Алматы қаласы бойынша
Бас кеден басқармасының бастығы

Тіркеу N _____ / _____ 199 ____ ж. _____
(кеден органы толтырады)

**Акциздік алым Таңбаларын сатып алуға
Өтінім**

_____ облысы бойынша (Бас) Кеден басқармасы
(к е д е н)

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкноттық фабрикасында
акциздік алым таңбаларын сатып алуға Өтінімді орналастыруды сұраймыз:

_____ саны _____ дана сомасы _____ теңге;
(т а ң б а т ү р і)

_____ саны _____ дана сомасы _____ теңге;
(т а ң б а т ү р і)

жалпы сомасы _____ теңге.

(ж а з у м е н)

импорттаушы үшін _____

_____ (ұйымның толық атауы, КҰЖК коды, мекен-жайы, СТН)
" _____ " _____ 199 ____ жылы _____ облысы бойынша (Бас)

Кеден басқармасына акциз сатып алуға берген Өтініші бойынша
Таңбалардың көрсетілген саны төмендегі сатып алынатын тауарларды
т а ң б а л а у ү ш і н қ а ж е т :

_____ (тауалар номенклатурасы, саны, темекі өнімдері үшін - орамалар

_____ саны мен ораманың әр түріндегі шылымдар санын, ішімдік өнімдері үшін

_____ - сыйымдылық түрі мен шөлмек санын көрсету)
Аталған тауарлар сатып алынатын сыртқы саудалық шарт/келісім-шарт
N _____ фирмасымен _____

_____ терминалына тапсырылады
(термина л м е к е н - ж а й ы)

Таңбаларды сатып алу үшін ақша қаражаттары _____

_____ Бас кеден басқармасының
ш о т ы н а а у д а р ы л д ы

төлем құжатының N _____

199 ____ ж. _____ сомасы _____

(жазумен)

_____ облысы _____ (аты-жөні)

(к е д е н) (қ о л ы)

бойынша (Бас) кеден басқармасының
бастығы

_____ облысы
бойынша (Бас) кеден басқармасының _____ (аты-жөні)
бас бухгалтері (қолы)

М.О.

4 Қосымша

"Ақша қаражаттары түсті" нысаны бойынша мәліметтер
_____ облысы
(к е д е н)
бойынша (Бас) Кеден басқармасының
бастығы _____

1. Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасы келесі Өтінім бойынша акциздік алым таңбалары үшін ақша қаражатының түскені туралы х а б а р л а й д ы :

ф и р м а с ы м е н

(шетел экспорттаушы-фирманың атауы, ел)

_____ әкелуге

(т а у а р д ы ң а т а у ы)

" ____ " _____ 199__ ж. N _____

сыртқы саудалық шарт/келісім-шарт бойынша тауар сатып алушы
импорттаушыдан _____

_____ (ұйымның толық атауы, КҰЖК коды, заңдық мекен-жайы, СТН)

акциздік алым таңбаларын сатып алу үшін 1999 ж. "___" ___ тіркеу N _

Өтінім бойынша

Өтінім N _____ / _____ "___" _____ 1999 ж. _____

Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасымен

"___" _____ 1999 ж. қабылданған.

199 ___ ж. "___" _____ төлем тапсырмасы N _____
сомасы _____ теңге.

2. _____

фирмасымен

(экспорттаушы шетел фирмасының атауы, ел)

"___" _____ 199 ___ ж. N _____

әкелуге

(тауардың атауы)

сыртқа саудалық шарт/келісім-шарт бойынша тауарлар сатып алушы
импорттаушыдан _____

(ұйымның толық атауы, КҰЖК коды, заңды мекен-жайы, СТН)

"___" _____ 1999 ж. акциздік алым таңбаларын сатып алу үшін

Өтінім N _____ / _____ "___" _____ 1999 ж.

"___" _____ 1999 ж. Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасы

қабылдаған

Төлем тапсырмасы "___" _____ 199 ___ ж. N _____

сомасы _____ теңге.

Алматы қаласы бойынша Бас кеден
Басқармасының бастығы _____ (аты-жөні)

Алматы қаласы бойынша Бас кеден
Басқармасының бас баухгалтері _____ (аты-жөні)

Белгілер тыс бетінде

Алматы қаласы бойынша Бас кеден
Басқармасы берген "___" _____ 199 ___ ж.

_____ (аты-жөні)

_____ облысы бойынша "___" _____ 199 ___ ж.
Бас кеден басқармасы қабылдаған _____ (аты-жөні)

5 Қосымша

"Таңбалар дайындалды" нысаны бойынша мәліметтер

_____ облысы
(к е д е н)
бойынша (Бас) Кеден басқармасының
бастығы _____

Алматы қаласы бойынша Бас Кеден басқармасы мынадай Өтінімдер бойынша

акциздік алым таңбалары дайындалғаны туралы хабарлайды:

1. Өтінім N _____ / _____ 1999 ж. " __ " _____

ф и р м а с ы м е н

(экспорттаушы шетел фирмасының атауы, ел)

" __ " _____ 199 ____ ж. N _____

әкелуге _____

(та у а р д ы ң а т а у ы)

— _____
сыртқы саудалық шарт/келісім-шарт бойынша тауар сатып алушы
импорттаушыдан _____

— _____
(ұйымның толық атауы, КҰЖК коды, заңды адресі, СТН)
Акциздік алым таңбаларын сатып алу үшін Өтініш бойынша _____ 1999 ж.

" __ " _____ Тіркеу N _____

Алматы қаласы бойынша Бас Кеден басқармасы " __ " _____ 1999 ж.

қ а б ы л д а д ы

Таңба нөмірі _____ сериясы _____

2. Өтінім N _____ / _____ " __ " _____

ф и р м а с ы м е н

(экспорттаушы шетел фирмасының атауы, ел)

" __ " _____ 199 ____ ж. N _____

әкелуге _____

(та у а р д ы ң а т а у ы)

— _____
сыртқы саудалық шарт/келісім шарт бойынша тауар сатып алушы
импорттаушыдан _____

— _____
(ұйымның толық атауы, КҰЖК коды, заңды адресі, СТН)

Алматы қаласы бойынша Бас Кеден басқармасы "___" _____ 1999 ж.

қ а б ы л д а д ы

Таңба нөмірі _____ сериясы _____ 1999 ж. акциздік алым таңбаларын сатып алу Өтініші бойынша "___" _____ 1999 ж.

(т і р к е у N)

Алматы қаласы бойынша Бас кеден Басқармасының бастығы _____ (аты-жөні)

Б е л г і л е р т ы с б е т і н д е

Алматы қаласы бойынша Бас кеден Басқармасы қабылдады "___" _____ 199 ___ ж.

(а т ы - ж ө н і)

_____ облысы бойынша "___" _____ 199 ___ ж.

(Бас) кеден басқармасы қабылдады _____ (аты-жөні)

б Қ о с ы м ш а

_____ облысы

(к е д е н)

бойынша (Бас) Кеден басқармасының

бастығы _____

тіркеу N _____ "___" _____ 199 ___ жыл

(кеден органы толтырады)

тауарды енгізу туралы

Міндеттеме

_____ (ұйымның толық атауы, КҰЖК коды, мекен-жайы, банктік реквизиттері)

"___" _____ 199 ___ ж. дейін Қазақстан Республикасына таңбаланатын тауарларды _____

(шекаралық кеден органының атауы)

_____ арқылы еркін айналым үшін шығару режиміне сәйкес саны _____

(та у а р л а р д ы а т а у ы)

(тауарлардың саны)

о р н а л а с т ы р у ғ а

(уақытша сақтау қоймасының атауы, мекен-жайы)
еркін айналым үшін шығару режиміне кедендік ресімдеуге ұсынуға,
кедендік режимде көзделген барлық кедендік төлемдер мен салықтарды
төлеуге міндеттеледі.

Ұйым басшысы _____ (аты-жөні)
Бас бухгалтер _____ (аты-жөні)
(қолдары)

М . О .
"Міндеттеме қабылданды" " __ " _____ 199 __ ж.
_____ облысы бойынша
(к е д е н)

(Бас) Кеден басқармасының нұсқаушысы _____
(қолы)

М.О.

7 Қосымша
Сенімхат жарамдылығы " __ " _____ 199 __ ж. дейін

— — _____
тұтынушының атауы мен мекен-жайы

— — _____
төлеушінің атауы мен мекен-жайы

Шот N _____

— _____
Банктің атауы
Сенімхат N _____
Берілген күні " __ " _____ 199 ____ ж.
_____ берілді

_____ қызметі, фамилиясы, аты, әкесінің аты
Төлқұжат: серия _____ N _____ берілген күні " __ " _____ 199 __ ж.

— — _____
төлқұжатты берген орган
тауарлық-материалдық құндылықтар _____

наряд нөмірі, күні және т.б.

ұсынушы фирма атауы _____

— —

— —
Алуға жататын тауарлық-материалдық құндылықтар тізбесі

— —
! Жазбаның реттік ! Тауарлық-материалдық ! Өлшем ! Саны (жазумен) !
1 нөмірі ! құндылықтар ! бірлігі !

— —
! 1 ! 2 ! 3 ! 4 !

— —
Сенімхатты алған адам қолы _____ куәландырамыз
Кәсіпорын басшысы _____ (аты-жөні)
(ұйымның)
Бас бухгалтер _____ (аты-жөні)
М.О.

8 Қосымша

"Таңбалар берілді" нысаны бойынша мәліметтер

_____ облысы
(к е д е н)

бойынша (Бас) Кеден басқармасының
бастығы _____

Алматы қаласы бойынша Бас Кеден басқармасы мынадай Өтінімдер бойынша

акциздік алым таңбаларын беру туралы хабарлайды:

1. Өтінім N _____ / _____ "___" _____ 1999 ж. акциздік алым
таңбаларын сатып алу үшін Тіркеу N "___" _____ 1999 ж. Өтінім бойынша

_____ ф и р м а с ы м е н
(экспорттаушы шетел фирмасының атауы, ел)
"___" _____ 199 ___ ж. N _____
_____ әкелуге
(та у а р д ы ң а т а у ы)

сыртқы саудалық шарт/келісім-шарт бойынша тауар сатып алушы
импорттаушыдан _____

— —

(ұйымның толық атауы, КҰЖК коды, заңдық мекен-жайы, СТН)

"___" _____ 1999 ж. қабылданған
Берілген Таңбалар сериясы _____ нөмірі _____
Берілген күні "___" _____ 1999 жыл.
2. Өтінім N _____ / _____ "___" _____ 1999 ж. акциздік алым
таңбаларын сатып алуға Өтінім _____ "___" _____ 1999 ж.
(тіркеу N)

ф и р м а с ы м е н

(экспорттаушы шетел фирмасының атауы, ел)

"___" _____ 1999 ж. N _____

_____ әкелуге

(т а у а р д ы ң а т а у ы)

сыртқы саудалық шарт/келісім-шарт бойынша тауар сатып алушы
импорттаушыдан _____

—
(ұйымның толық атауы, КҰЖК коды, заңды мекен-жайы, СТН)

—
"___" _____ 1999 ж. қабылданған

Берілген Таңбалар сериясы _____ нөмірі _____

Берілген күні "___" _____ 1999 жыл.

Алматы қаласы бойынша Бас кеден
Басқармасының бастығы _____ (аты-жөні)

Белгілер тыс бетінде
Алматы қаласы бойынша Бас кеден
Басқармасы берген "___" _____ 1999 ж.
_____ (аты-жөні)

_____ облысы "___" _____ 1999 ж.
(к е д е н)

бойынша Кеден басқармасы қабылдады _____ (аты-жөні)

9 Қосымша

Темекі өнімдерін таңбалау тәртібі

Жұмсақ/тығыз - жұмсақ орама

Таңбаның ораманың жоғарғы бетінде (1 (а) сурет) немесе артқы бетінде (1 (б) сурет) орналасуы. (суретті қағаздағы үлгіден қараңыз)

Жоғары бетте орналасу кезінде, жоғарғы бетті жауып тұрған Таңбадағы текст немесе сурет ораманың алдыңғы бетімен бірдей бағытта бағдарлануы және

орталығында орналасуы тиіс (оң және сол жақ шеттен, алдыңғы және артқы қабырғалардан бірдей қашықтықта).

Көтеріліп ашылатын қақпақты орама

Таңбаның алдыңғы қабырға бетінің орталығында (2 (б) сурет) немесе қабырғасында (2 (а) сурет) (стандарт орама) орналасуы. (суретті қағаздағы үлгіден қараңыз)

Қабырғасында орналасқанда Таңба артқы бетте орналасуы, бұрышты жабуы және ораманың қабырға бетіне ауысуы тиіс.

Алдыңғы қабырға бетінің ортасында орналасқан Таңба қақпақ ашылатын ораманың алдыңғы қабырға бетінің ортасында орналасуы және ораманың жоғарғы және төменгі беттерін жабуы тиіс.

Мөртаңба ораманы ашқан кезде бүлінетіндей етіп қойылуы тиіс.

Арақ-Шарап өнімдерін таңбалау тәртібі

Таңба ыдыстың тұйықтау құймасының үстінен, мойнына жақсылып жапсырылып салынады (3 (а) және 3 (б) суреттер). (суретті қағаздағы үлгіден қараңыз)

Таңбаның орталық (елтаңбалық) бөлігі қақпақтың ортасында орналасуы тиіс. Жапсырылған Таңба ыдыстың ішіндегісін алу алдында міндетті бүлінуі тиіс. Таңбаларды жапсыру үшін пайдаланылатын желім жоғары және төмен температураға, таңбаның кебуі және ыдыстан ажырауын болдырмау үшін, ыдысты ашу кезінде бүлінген Таңбаны келесі қайталап қолдану үшін бүтінге жинау мүмкін болмауын қамтамасыз етуі тиіс.

"Тетра Пак" үлгісіндегі пакеттерді Таңбалармен таңбалау тәртібі 3 (в) және 3 (г) суреттерде көрсетілген.

Таңбалауға арналған желімге қойылатын талаптарды сақтау жауапкершілігі тауарлар импорттаушысына жүктеледі.

Таңбалаудың осы талаптарын орындамаған жағдайда кеден органдары Қазақстан Республикасының аумағында еркін айналым үшін тауарларды шығармауға құқылы.